

"Мемлекет басшысының 2010 жылғы 29 қаңтардағы "Жаңа онжылдық - жаңа экономикалық өрлеу - Қазақстанның жаңа мүмкіндіктері" атты Қазақстан халқына Жолдауын іске асыру жөніндегі шаралар туралы" Қазақстан Республикасының Президенті Жарлығының жобасы туралы

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2010 жылғы 10 ақпандағы № 82 Қаулысы

Қазақстан Республикасының Үкіметі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

«Мемлекет басшысының 2010 жылғы 29 қаңтардағы «Жаңа онжылдық - жаңа экономикалық өрлеу - Қазақстанның жаңа мүмкіндіктері» атты Қазақстан халқына Жолдауын іске асыру жөніндегі шаралар туралы» Қазақстан Республикасының Президенті Жарлығының жобасы Қазақстан Республикасы Президентінің қарауына енгізілсін.

Премьер-Министрі

Қ а з а қ с т а н Р е с п у б л и к а с ы
К. Мәсімов

Қазақстан Республикасы Президентінің Жарлығы Мемлекет басшысының 2010 жылғы 29 қаңтардағы «Жаңа онжылдық - жаңа экономикалық өрлеу - Қазақстанның жаңа мүмкіндіктері» атты Қазақстан халқына Жолдауын іске асыру жөніндегі шаралар туралы

Мемлекет басшысының 2010 жылғы 29 қаңтардағы «Жаңа онжылдық - жаңа экономикалық өрлеу - Қазақстанның жаңа мүмкіндіктері» атты Қазақстан халқына Жолдауын іске асыру мақсатында **ҚАУЛЫ ЕТЕМІН:**

1. Қоса беріліп отырған Мемлекет басшысының 2010 жылғы 29 қаңтардағы «Жаңа онжылдық - жаңа экономикалық өрлеу - Қазақстанның жаңа мүмкіндіктері» атты Қазақстан халқына Жолдауын іске асыру жөніндегі жалпыұлттық іс-шаралар жоспары (бұдан әрі - Жалпыұлттық жоспар) бекітілсін.

2. Қазақстан Республикасының Үкіметі:

1) Жалпыұлттық жоспар іс-шараларының мүлтіксіз және уақтылы орындалуын, сондай-ақ Мемлекет басшысының 2010 жылғы 29 қаңтардағы «Жаңа онжылдық - жаңа экономикалық өрлеу - Қазақстанның жаңа мүмкіндіктері» атты Қазақстан халқына Жолдауының қағидалары бойынша ақпараттық-түсіндіру жұмысын жүйелі негізде жүргізуді қамтамасыз етсін;

2) жыл сайын жарты жылдың және жылдың қорытындылары бойынша 25 қаңтарға және 25 шілдеге Қазақстан Республикасы Президентінің Әкімшілігіне Жалпыұлттық жоспардың орындалу барысы туралы ақпарат ұсынсын.

3. Қазақстан Республикасының Президентіне тікелей бағынатын және есеп беретін мемлекеттік органдардың, орталық және жергілікті атқарушы органдардың, басқа да мемлекеттік органдардың бірінші басшылары жалпыұлттық жоспардың іс-шараларының мүлтіксіз және уақтылы орындалуын қамтамасыз етсін.

4. Осы Жарлықтың орындалуын бақылау Қазақстан Республикасы Президентінің Әкімшілігіне жүктелсін.

5. Осы Жарлық қол қойылған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі.

Қазақстан Республикасының
Президенті
Н. Назарбаев

Қазақстан Республикасы Президентінің
2010 жылғы «__» _____
№ ____ Жарлығымен
БЕКІТІЛГЕН

Мемлекет басшысының 2010 жылғы 29 қаңтардағы «Жаңа онжылдық - жаңа экономикалық өрлеу - Қазақстанның жаңа мүмкіндіктері» атты Қазақстан халқына Жолдауын іске асыру жөніндегі жалпыұлттық іс-шаралар жоспары

Р/с №	Іс-шараның атауы	Аяқталу нысаны	Жауапты орындаушылар	Орындалу мерзімі
1	2	3	4	5
1. Қазақстан Республикасының 2020 жылға дейінгі стратегиялық даму жоспарын іске асыру жөніндегі шаралар				
Экономиканы әртараптандыру - табыс кілті				
1.	Елдің 2020 жылға дейінгі ғылыми-технологиялық дамуының салааралық жоспарын қабылдау	Үкімет қаулысы	ИСМ, БҒМ, ЭМРМ, АШМ, ККМ, ЭБЖМ, ДСМ, Қоршаганортамині, Еңбекмині, ҚжТКШПА, АБА, Самұрық-Қазына» ҰӘҚ» АҚ, «ҚазАгро» ҰБХ» АҚ	2010 жылғы «қыркүйек»
2.	Республикалық және өңірлік деңгейлерде Индустрияландыру картасының шеңберінде инвестициялық жобаларды іске асыру жөніндегі басқару орталықтарын (штабтарды) құру	Премьер-Министрдің өкімі	ИСМ, ЭБЖМ, мүдделі мемлекеттік органдар, облыстардың, Астана және Алматы қалаларының әкімдері	2010 жылғы ақпан
3.	Жаңа «Ғылым туралы» Қазақстан Республикасы Заңының жобасын әзірлеу және Парламентке енгізу	Заң жобасы	БҒМ, АШМ	2010 жылғы ақпан
Инвестициялар тарту				
4.	Заңнамаға концессиялар мәселелері бойынша өзгерістер мен	Заң	ЭБЖМ, ИСМ, ККМ, ЭМРМ, БҒМ, Еңбекмині, ТСМ, ДСМ, Қаржымині, БҚА, ТМРА, ҚНРА,	

	толықтырулар енгізуді көздейтін Қазақстан Республикасының Заңын қабылдау		ҰБ (келісім бойынша), облыстардың, Астана және Алматы қалаларының әкімдері	2010 жылғы 1 шілдеге дейін
Кәсіпкерлік - жаңа экономиканың қозғаушы күші				
5.	Өңірлерде кәсіпкерлікті дамыту жөніндегі «Бизнестің жол картасы - 2020» бюджеттік бағдарламасын әзірлеу	Президент Әкімшілігіне ақпарат	ЭБЖМ, ИСМ, АШМ, ЭМРМ, Еңбекмині, облыстардың, Астана және Алматы қалаларының әкімдері	2010 жылғы сәуір
6.	Барлық өңірлерде ӘКК құруды ескере отырып, оларды қайта ұйымдастыруды жүргізу және ӘКК-ларды жергілікті атқарушы органдарға беру туралы шешім қабылдау	Үкімет қаулысы	ИСМ, Қаржымині, ЭМРМ, ЭБЖМ, ӘКК, «Самұрық-Қазына» ҰӘҚ» АҚ, облыстардың, Астана және Алматы қалаларының әкімдері	2010 жылғы I тоқсан
7.	ӘКК-ларды жергілікті атқарушы органдарға беруді аяқтау	Президент Әкімшілігіне ақпарат	Қаржымині, ИСМ, ЭМРМ, ЭБЖМ, ӘКК, «Самұрық-Қазына» ҰӘҚ» АҚ, облыстардың, Астана және Алматы қалаларының әкімдері	2010 жылғы II тоқсан
8.	«Арнайы экономикалық аймақтар туралы» Қазақстан Республикасының Заңын қабылдау	Заң	ИСМ, Қаржымині, ЭБЖМ, Әділетмині, ЭМРМ, ККМ, ТСМ, СІМ, Еңбекмині, БҒМ, АБА, «Самұрық-Қазына» ҰӘҚ» АҚ, облыстардың, Астана және Алматы қалаларының әкімдері	2010 жылғы желтоқсан
Өңірлердің дамуы - елдің дамуы				
9.	Аумақтарды дамыту бағдарламаларының жобаларын әзірлеу	Президент Әкімшілігіне ақпарат	ЭБЖМ, ТЖМ, АШМ, БҚА, ҚжТКШПА, облыстардың, Астана және Алматы қалаларының әкімдері	2010 жылғы шілде
Қазақстан Республикасының 2020 жылға дейінгі стратегиялық даму жоспарын іске асырудың базалық шарттары				
10.	«2010 - 2012 жылдарға арналған республикалық бюджет туралы» Қазақстан Республикасының Заңына өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» Қазақстан Республикасы Заңының жобасын әзірлеу және Парламентке енгізу	Заң жобасы	ЭБЖМ	2010 жылғы ақпан
11.	Қазақстан Республикасының Ұлттық қорын қалыптастыру және оның қаражатын пайдалану тұжырымдамасының жобасын әзірлеу	Президент Жарлығының жобасы	ЭБЖМ, Қаржымині, ҰБ, ҚНРА	2010 жылғы наурыз
12.	Тәуекелдерді азайту бөлігінде банк қызметін және қаржы ұйымдарын реттеу мәселелері бойынша Қазақстан Республикасы Заңының жобасын әзірлеу және Парламентке енгізу	Заң жобасы	ҚНРА, ҰБ, Қаржымині, ЭСЖКА	2010 жылғы 1 шілдеге дейін

13.	Елдің қор нарығын капиталдандыруды және оның өтімділігін одан әрі өсіру жөнінде шаралар қабылдау	Президент Әкімшілігіне ақпарат	АӨҚОҚРА, Қаржымині, ҰБ, ҚНРА, ЭБЖМ, ИСМ, «Самұрық - Қазына» ҰӘҚ» АҚ	Жарты жылдың қорытындылары бойынша
-----	--	--------------------------------	---	------------------------------------

2. Адам - елдің басты байлығы

Білім беру

14.	Балаларды мектепке дейінгі оқытумен және тәрбиелеумен қамтамасыз етуді арттыруға бағытталған «Балапан» салалық бағдарламасын әзірлеу	Президент Әкімшілігіне ақпарат	БҒМ	2010 жылғы 1 мамырға дейін
15.	«Назарбаев Университеті», «Назарбаев Қоры», «Назарбаев Интеллектуалдық мектептері» мәртебесі туралы, оның ішінде «Өмір туралы ғылым орталығы», «Халықаралық инструменталды орталық» және «Баламалы энергетика орталығы» атты үш ғылыми орталық құруды реттейтін» Қазақстан Республикасы Заңының жобасын әзірлеу және Парламентке енгізу	Заң жобасы	БҒМ, ИСМ, мүдделі мемлекеттік органдар	2010 жылғы сәуір

Денсаулық сақтау

16.	«Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне білім беру және денсаулық сақтау салаларындағы мемлекеттік кәсіпорындар мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» Қазақстан Республикасы Заңының жобасын әзірлеу және Парламентке енгізу	Заң жобасы	ЭБЖМ, БҒМ, ДСМ, Қаржымині, Әділетмині	2010 жылғы наурыз
17.	Қазақстанда бұқаралық спортты дамыту жөнінде шаралар кешенін әзірлеу	Президент Әкімшілігіне, Премьер-Министрдің Кеңесіне ұсыныстар	ТСМ, облыстардың, Астана және Алматы қалаларының әкімдері	2010 жылғы 1 сәуірге дейін

Тұрғын үй-коммуналдық сектор және сумен қамтамасыз ету саласындағы саясат

18.	Ауылдық елді мекендерді және шағын қалаларды сумен қамтамасыз ету жөніндегі жұмыстарды жалғастыруды көздейтін Тұрғын үй-коммуналдық шаруашылықты жаңғыртудың 2020 жылға дейінгі салалық бағдарламасын қабылдау	Үкімет қаулысы	ҚжТКША, АШМ, ЭМРМ, Қоршағанортмині, ТМРА, БҚА, облыстардың, Астана және Алматы қалаларының әкімдері	2010 жылғы қараша
-----	--	----------------	---	-------------------

3. Ішкі саяси тұрақтылық - Қазақстан Республикасының 2020 жылға дейінгі стратегиялық даму жоспарын іске асырудың сенімді іргетасы

19.	Құқық қорғау органдарында әкімшілік реформа жүргізу жөнінде ұсыныстар әзірлеу	Президент Әкімшілігіне ұсыныстар	Әділетмині, БП, ИМ, ТЖМ, ҰҚК, ЭСЖКА	2010 жылғы сәуір
-----	---	----------------------------------	-------------------------------------	------------------

20.	ҮЕҰ-мен бірлесіп, Қазақстан Республикасының 2020 жылға дейінгі стратегиялық даму жоспарының және Мемлекет басшысының «Жаңа онжылдық - жаңа экономикалық өрлеу - Қазақстанның жаңа мүмкіндіктері» атты Қазақстан халқына Жолдауының негізгі қағидаларын түсіндіру жөнінде ауқымды ақпараттық-насихаттау жұмысын жүргізу	Президент Әкімшілігіне ақпарат	МАМ, мүдделі мемлекеттік органдар	2010 жылғы шілде, желтоқсан
4. Сыртқы саясат				
21.	Алматы қаласында бейресми ЕҚЫҰ СІМК өткізу (2010 жылғы шілде)	Президент Әкімшілігіне ақпарат	СІМ, Әділетмині, ҰҚК, Қорғанысмині, ІІМ, БП, ТЖМ, ККМ, ДСМ, МАМ, БҒМ, АБА, Астана және Алматы қалаларының әкімдері	2010 жылғы желтоқсан
22.	ЕҚЫҰ-ның жауапкершілігі аймағындағы қауіпсіздіктің өзекті проблемалары, Ауғанстандағы жағдай және төзімділік мәселелері бойынша Астанада ЕҚЫҰ саммитін өткізу (2010 жылғы қараша-желтоқсан)	Президент Әкімшілігіне ақпарат	СІМ, Әділетмині, ҰҚК, Қорғанысмині, ІІМ, БП, ТЖМ, ККМ, ДСМ, МАМ, БҒМ, АБА, Астана және Алматы қалаларының әкімдері	2010 жылғы желтоқсан

Ескертпелер: аббревиатуралардың толық жазылуы:

- Еңбекмині - Қазақстан Республикасы Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрлігі
- СІМ - Қазақстан Республикасы Сыртқы істер министрлігі
- ИСМ - Қазақстан Республикасы Индустрия және сауда министрлігі
- ЭБЖМ - Қазақстан Республикасы Экономика және бюджеттік жоспарлау министрлігі
- Қаржымині - Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігі
- Әділетмині - Қазақстан Республикасы Әділет министрлігі
- БҒМ - Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігі
- ДСМ - Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрлігі
- МАМ - Қазақстан Республикасы Мәдениет және ақпарат министрлігі
- АШМ - Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрлігі

ККМ	- Қазақстан Республикасы Көлік және коммуникация министрлігі
ЭМРМ	- Қазақстан Республикасы Энергетика және минералдық ресурстар министрлігі
ТЖМ	- Қазақстан Республикасы Төтенше жағдайлар министрлігі
ІМ	- Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрлігі
Қорғанысмині	- Қазақстан Республикасын Қорғаныс министрлігі
ТСМ	- Қазақстан Республикасы Туризм және спорт министрлігі
ҰҚК	- Қазақстан Республикасы Ұлттық қауіпсіздік комитеті
БП	- Қазақстан Республикасы Бас прокуратурасы
ЭСЖКА	- Қазақстан Республикасы Экономикалық қылмысқа және сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрес агенттігі (қаржы полициясы)
ҚжТКША	- Қазақстан Республикасы Құрылыс және тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық істері агенттігі
ҚНРА	- Қазақстан Республикасы Қаржы нарығын және қаржы ұйымдарын реттеу мен қадағалау агенттігі
БҚА	- Қазақстан Республикасы Бәсекелестікті қорғау агенттігі
АӨҚОҚРА	- Алматы қаласының өңірлік қаржы орталығының қызметін реттеу агенттігі
АБА	- Қазақстан Республикасы Ақпараттандыру және байланыс агенттігі
ҰБ	- Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкі
«Самұрық-Қазына» АҚ	- «Самұрық-Қазына» ұлттық әл-ауқат қоры» акционерлік қоғамы
«ҚазАгро» ҰБХ» АҚ	- «ҚазАгро» ұлттық басқарушы холдингі» акционерлік қоғамы
ӘКК	- әлеуметтік-кәсіпкерлер корпорациялар
НҚА	- нормативтік-құқықтық акт
ТМД	- Тәуелсіз Мемлекеттер Достастығы
ҮЕҰ	- үкіметтік емес ұйымдар
ЕҚЫҰ	- Еуропада қауіпсіздік және ынтымақтастық ұйымы
СІМК	- Сыртқы істер министрлерінің кеңесі

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК